

Саран қаласы мен Ақтас кенті халқына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласы мәслихатының 27 сессиясының 2010 жылғы 1 шілдедегі N 433 шешімі. Қарағанды облысы Саран қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 шілдеде N 8-7-109 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы N 671 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2011.12.12 N 671 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" N 710, 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512, 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" N 2314 қаулыларына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Саран қаласы мен Ақтас кенті халқына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы шешімнің қабылдануына байланысты, Саран қалалық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылсын:

1) Саран қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 шілдедегі 16 сессиясының N 282 "Саран қаласының әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарына тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қағидаларын бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілер Реестрінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-7-89, "Ваша газета" газетінде 2009 жылы 4 қыркүйекте N 36 жарияланған);

2) Саран қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы 20 сессиясының N 342 "Саран қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 шілдедегі 16 сессиясының N 282 "Саран қаласының әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарына тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын

беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілер Реестрінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-7-94, "Ваша газета" газетінде 2009 жылы 18 желтоқсанда N 51 жарияланған).

3. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткеннен соң, бірінші ресми жарияланған күннен кейін, он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е. Туркавский

Мәслихат хатшысы

Р. Бекбанов

С а р а н қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 ш і л д е д е г і
2 7 с е с с и я с ы н ы ң N 4 3 3
шешімімен бекітілді

Саран қаласы мен Ақтас кенті халқына тұрғын үй көмегін көрсету ЕРЕЖЕСІ

Осы Саран қаласы мен Ақтас кенті халқына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі (бұдан әрі – Ережесі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 2, 41-2, 97 баптарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" N 2314 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" N 710 Қаулысына сәйкес әзірленген және Саран қаласы мен Ақтас кентінің отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) бірлесіп тұрып жатқан және бір мекен-жайда тіркелген некелестік, туыстық, асырап алушылық немесе басқа нысандағы балаларды тәрбиесіне

кабылдаған, мүліктік немесе жеке мүліктік емес ережелер және міндеттер арқылы байланыстағы отбасылар – тұлғалар шеңбері;

2) есеп – кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді және байланыс қызметтерін тұтынуға, жергілікті уәкілетті органмен жеке тұрғын үй қорынан жалдап алынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеу шығындарын төлеуге, қызметтерді жеткізушілермен электрондық тасымалдағыштарда, немесе өтініш берушімен қағаз тасымалдағыштарда тұрғын үй көмегін тағайындау мерзіміне берілетін құжат (түбіртек, хабарлама, анықтама);

3) коммуналдық қызметтер – тұрғын үй-жайларда (тұрғын үйде) берілетін және сумен жабдықтауды, канализацияны, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, (соның ішінде қатты отынды тұтыну), қоқыс төккішті қосатын қызметтер;

4) кондоминиум – ғимараттар азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің бөлек (өзіндік) меншігінде бола тұра, жалпы мүлік оларға жалпы үлестік меншік құқығында ғана тиесілі болатын, бірыңғай мүліктік кешен (кондоминиум объектісі) сияқты, жылжымайтын мүлікке ерекше меншік нысаны;

5) кондоминиум объектісін басқару органы – кондоминиум объектілерін күтіп ұстау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға арналған шығыстар – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға арналған, үй жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар делдалдығының міндетті шығыстар сомасы;

7) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – ғимараттың (объектінің) негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің өзгертілулеріне байланысы жоқ нақты және сапалық тозуын жою бойынша, қажеттілігі бойынша сындарлы элементтер мен инженерлік жабдықтар жүйелерінің ауыстырылуымен, құрылыстық және ұйымдастырушылық-техникалық шаралар кешені;

8) өтініш беруші (жеке тұлға) – өз атынан немесе отбасы мүшелерінің атынан тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тұлға (әрі қарай өтініш білдіруші);

9) отбасының жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы алған кірістердің жалпы сомасы;

10) уәкілетті орган – "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – уәкілетті орган);

11) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жалға алу ақысының ұлғаюы

бөлігінде отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі тұрғын үй көмегін көрсетудің өлшемі болып табылады.

2. Тұрғын үй көмегі отбасыларға (азаматтарға) төленеді:

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, үйді ұстау шығындарын төлеуге;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе пайдаланушылары (жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеуге;

4) байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне.

Тұрғын үй көмегін есептеуге алынатын шығындар, жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығын сомасы ретінде анықталады.

Тұрғын үй көмегі, қызметтерді көрсетушілердің ұсынған есептері бойынша көрсетіледі.

3. Тұрғын үй көмегі Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрақты тұратын, осы тұрғын үйде тіркелген, оның меншік иелері немесе тұрғын үйді пайдаланушылар (жалдаушылар) болып табылатын тұлғаларға, егер кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлеміне тұрғын үй аумағының шекті шамасында, теңгерулік шамалармен қамтамасыз етілген жағдайда, бірақ алатын нақты жалпы аумағынан, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеу шығындарының мөлшерлерінен аспайтын, сондай-ақ телекоммуникациялық қызметтер көрсеткені үшін абоненттік төлемақы

тарифтерінің өсуі, отбасы бюджетінде осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыстар үлесінен асатын тұлғаларға беріледі.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге берілетін шектеулі шығындар үлесі, сондай-ақ телекоммуникациялық қызметтер үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуіне отбасының жиынтық кірісіне 10 % мөлшерде белгіленеді. Шектеулі шығындар үлесі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) көмек көрсету өлшемі болып табылады.

2. Көрсетілетін тұрғын үй көмегінің мөлшерлерін анықтау

4. Тұрғын үй көмегі уәкілетті органдармен келесі тәртіпте беріледі:

1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары отбасының әрбір мүшесіне ұсынылған тұрғын үй заңдар жинағымен бекітілген тұрғын үй нормаларына балама және көп бөлмелі пәтерлерде тұратын бір адамға шаққанда 18 шаршы метр, бір бөлмелі пәтерлерде тұратындар үшін – пәтердің жалпы алаңы. Жалғыз басты тұрып жатқан зейнеткерлер мен мүгедектер, көп бөлмелі пәтерлерде тұратындар үшін алаңның әлеуметтік нормасы - 40 шаршы метр, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғыз басты азаматтардың басқа санаттары үшін әлеуметтік нормасы - 30 шаршы метр;

2) нақты шығындар бойынша бір адамның баллонды газды тұтыну нормасы - айына 10 килограмнан артық емес мөлшерде;

3) қатты отынды тұтыну:

1 шаршы метр алаңды жылытуға (жылыту маусымын есепке алғанда) 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 161 килограмм көмір, 3-5 қабатта салынған үйлер үшін 1 шаршы метр алаңды жылытуға (жылыту маусымын есепке алғанда) 98 килограмм көмір;

жылыту маусымының ұзақтығы - 7 ай;

тұрғын үй көмегін есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы Саран қаласында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады;

4) нақты шығындар бойынша отбасына электр қуатын 150 киловаттан артық емес мөлшерде тұтыну;

5) суық суды, канализацияны, қоқыс төккішті және тұрғын үйді ұстауға арналған шығындарды тұтыну нормалары, басқару үлгісіне тәуелсіз (заңды басқарудың үлгісін рәсімдеген пәтер иелерінің кооперативі, өзін-өзі басқару

комитеті, үй комитеттері және тағы басқа) қызмет берушілермен немесе тарифті бекітуші орган белгілейді.

5. Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтыну, жеке тұрғын үй қорындағы жергілікті атқарушы орган жалға берген үйді пайдаланғаны үшін жалдау төлемі белгіленген мөлшерден жоғары, жалпы негізде жүргізіледі.

6. Телекоммуникациялық қызметтер көрсетілгені үшін төленетін абоненттік төлем тарифтері соммасының өсуі, Қазақстан Республикасының Үкіметі орнатқан тәртіпте, өтемақыға жатқызылады.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәртібі

7. Тұрғын үй көмегі өкілетті органмен, жеке тұлғаларға олардың тіркелген жері бойынша тағайындалады.

8. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтерлер, үйлер) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылар тұрғын үй көмегін алу құқықтарын жоғалтады.

9. Тұрғын үй көмегін келесі отбасылардың алуға құқығы жоқ, отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар, бірақ еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, уәкілетті органдарда жұмыссыздығы жөнінде тіркелмеген тұлғалары бар отбасылардың тұрғын үй көмегін алуға құқықтары жоқ.

Құқығы бар тұлғалар:

1) күтімді қажет етеді деп танылған мүгедектерге күтім жасаушылар;
2) сексен жастан асқан азаматтарға күтім жасаушылар;
3) туберкулездік, психоневрологиялық диспансерлерде, емдеу – профилактикалық мекемеде стационарлық немесе амбулаториялық емделудегі тұлғаларға;

4) үш жасқа дейінгі (бір немесе бірнеше) баланы тәрбиелеу және сондай-ақ төрт және одан да көп баланы бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) тәрбиелеумен айналысатын тұлғаларға;

5) мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушылар.

10. Дау-жанжал туған жағдайда, немесе сәйкес келмейтін, келіспеген жағдайда тұрғын үй көмегін тағайындау мәселесі сот арқылы шешіледі.

11. Тұрғын үй көмегі қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз үлгіде беріледі. Қолма-қол ақысыз төлемнің үлгісі – бұл ақшалай қаражаттарды қызметтерді жеткізушілердің есеп шоттарына аудару, сондай-ақ кондоминиум объектілерін басқарушы органдардың есеп шоттарына (ағымдағы, жинақтаушы) аудару.

Тұрғын үй көмегінің сомасын коммуналдық қызметтерді жеткізушілердің есеп шоттарына аудару мүмкін болмаған жағдайда, (кәсіпорынның таратылуы, қайта құрылу, банктік реквизиттерінің өзгеруі, қатты отынды сатып алу төлемі, телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің көтерілуіне байланыс қызметтері) ол өтініш беруші қызметтерін пайдаланушы басқа жеткізушілердің арасында үлестіріледі немесе қолма-қол жолымен төленеді. Қолма-қол үлгісі ақшалай төлем түрінде белгіленеді, берілген операция түрін азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аударуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы бар, екінші деңгейдегі банктер мен ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Жеке шотын ашу үшін өтініш беруші келесі

құжаттарды тапсырады:

- 1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;
- 2) әлеуметтік жеке коды;

3) екінші деңгейлі банкте, немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдарда ашылған есеп шоты.

4. Тұрғын үй көмегін көрсету мерзімдері және кезеңділігі

12. Тұрғын үй көмегі тоқсан сайын табыстары туралы, коммуналдық шығындар мен берілген үйде тұрушылардың отбасы құрамы жайлы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті құжаттармен бір жы л ғ а тағ ай ы нд а л а д ы .

Тұрғын үй көмегін алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған рәсіміне сәйкес болады.

13. Тоқсан сайын табыстары туралы, коммуналдық шығындар мен отбасы құрамы жайлы мәліметтерді ұсынған отбасылар құжаттарды нақты тапсырған күнге тәуелсіз, тұрғын үй көмегін бір тоқсанға алады.

14. Ағымдағы тоқсан бойы табыстары туралы, коммуналдық шығындар мен отбасы құрамы жайлы мәліметтерді ұсынбаған отбасыларға, қандай да себепке карамастан, тұрғын үй көмегін тағайындау құжаттар ұсынылған айдан бастап жү р г і з і л е д і .

15. Тұрғын үй көмегін алушылар он күннің ішінде өз үйінің жеке меншік үлгісінің, отбасы құрамы және жиынтық табысы өзгеруінің қандайда жағдайлары туралы уәкілетті органдарға хабарлауы қажет.

Тұрғын үй көмегінің аса жоғары немесе төмен сомасын тағайындауға әкеліп соқтырған, дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, көмекті тағайындау және төлеу оны тағайындау кезеңіне тоқтатылады, ал тұрғын үй көмегі түрінде алынған сомалар ерікті тәртіппен, бас тартқан жағдайда – сот тәртібінде қ а й т а р у ғ а ж а т а д ы .

16. Коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда, көмекті тағайындау қайта бекітілген тариф бойынша өкілетті органға тарифтің өзгеруі туралы құжат берген айдан бастап тағайындалады.

17. Көмекке құқылыларды анықтау кезінде басқа қалаларда уақытша тұратыны тиісті құжаттармен дәлелденген тұлғалар (оқушылар, студенттер) есепке алынбайды.

5. Тұрғын үй көмегін өтіну және есептеу тәртібі

18. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өтініш беруші уәкілетті органға немесе "Халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесіне тұрған жері бойынша өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке куәлігі, тұрғын үй түрі, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі);

2) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

3) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;

4) отбасы мүшелерінің қызметтері туралы деректер (еңбек кітапшасы, жұмыс орнынан анықтама, еңбек шарты, жұмыссыздарды жұмыспен қамту уәкілетті органынан анықтама тапсырады, салық басқармасынан жеке кәсіпкерлік қызметі туралы тіркелгені немесе тіркелмеуі туралы анықтама, мүгедектік тобын белгілеу т у р а л ы а н ы қ т а м а) ;

5) өтініш берушінің отбасылық жағдайын растайтын құжат: неке қию туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, өлім туралы куәлік, азаматтық хал актілер жазбасынан N 4 анықтама, жетпіс жастан асқан жалғыз б а с т ы т ұ л ғ а л а р қ о с ы л м а й д ы ;

б) тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығындар туралы, коммуналдық қызметтер төлемдері бойынша есеп, тұрғын үй көлемінің жалпы ауданын растайтын техникалық төлқұжат, телекоммуникация желілерінің қызметін көрсету шарты немесе түбіртегі, жалпы және баллонды газды пайдалану есебі (түбіртек, анықтамалар), қатты отынды пайдалану (анықтамалар, есеп-фактуралар), жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен пайдаланушылардың (жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

7) отбасы мүшелерінің табыстары туралы анықтамалар;

8) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы жоқтығы туралы анықтама (б о л у ы) .

Құжаттар түпнұсқада және салыстыру үшін көшірмелері беріледі, соңынан құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады, ал көшірмелері жеке ісіне қосымшалады.

19. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар. Тексеру актісі тұрғын үй көмегін алушының жеке ісіне тіркеледі.

20. Тапсырылған құжаттарды қарастыру нәтижелері бойынша уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін, өтініш берушіге өтіну шамалары бойынша беруге есептеулер жүргізіледі, тұрғын үй көмегін беруге арналған екі данадағы келісім-шарт жасалынады, оның біреуі тұрғын үй көмегін алушыда сақталады.

21. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда, уәкілетті орган тұрғын үй көмегін алуға үміткер туралы қажетті ақпарат сұрауға құқылы.

22. Көмек мөлшері кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жергілікті уәкілетті органмен жеке тұрғын үй қорынан жалдап алынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының арттырылуы бөлігінде, отбасының осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыстар үлесі мен деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

Тұрғын үй көмегін есептеуге арналған коммуналдық қызметтер бойынша есептелген төлемдер коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен тұрғын үй көмегін тағайындау кезеңіне қағаз және электрондық тасымал түрінде беріледі.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындаудағы жиынтық табысты есептеу

23. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді.

24. Отбасының жиынтық табысына, азаматтарды тіркеу кітабына сәйкес, тұрғылықты бір жерде тіркелген барлық тұлғалардың, тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсандағы, оның алдындағы тоқсандағы табыстары қосылады.

25. Отбасының жиынтық табысын есептегенде, құрамында өзгерістер болған отбасының, келген отбасы мүшесінің табысы тоқсанына, келесі тоқсаннан бастап есептеледі. Отбасы мүшесінің кеткен жағдайында, отбасының жиынтық табысы кеткендер табысының есебінсіз, кеткен немесе өлгеннен кейінгі айдан бастап есептеледі.

26. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй көмегіне өтініш

берген тоқсанның, оның алдындағы тоқсандағы Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері е с е п т е л е д і .

27. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына е с е п т е л е д і .

28. Бір тоқсаннан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде еңбекақы бойынша берешектер, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар), жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық сомасы е с к е р і л е д і .

29. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

30. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу жолымен есептеледі.

7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде, есепке алынатын табыс түрлері

31. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде, тоқсан ішіндегі, алдыңғы тоқсандағы алынған табыстың ақшадай немесе заттай формадағы кірістердің барлық түрі е с е п к е а л ы н а д ы :

- 1) еңбекақысы түріндегі табыстар;
- 2) зейнетақылар, стипендиялар, жәрдемақылар және әлеуметтік төлемдер;
- 3) балаларға және асырауындағыларға төленетін алименттер түріндегі табыстар ;
- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан түскен кірістер;
- 5) жиынтық табысты есептегенде, ескерілетін басқа да табыстар.

32. Еңбекақы түрінде алынған сомалар есепке алынады:

- 1) жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлық ақылар, қосымша ақылар, үстеме ақылар, (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан жалақысы сақталады) негізгі жұмыс орнында да, қосымша жұмыс орнында да;
- 2) демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

3) ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

4) уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі ж а л а қ ы ;

5) маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді;

6) сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы;

7) жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін (оқу демалысын төлеу, авторлық қаламақы, жаңалық ашу, өнер табыстары мен рационализаторлық ұсыныстары үшін сыйақы,) басқа да төлем т ү р л е р і ;

8) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстеме ақылары мен қосымша ақылары ескерілген ақшалай үлесі;

9) шет елдерде жұмыс істейтін және отбасы құрамындағылардың жиынтық табысында, олардың еңбекақысы ұлттық ақшамен және шет ел ақшасымен есептеледі. Мұндайда, шет ел ақшасы қайта саналып, ұлттық валютаға отбасының жиынтық табысын есептеу кездегі Ұлттық Банкпен анықталған курс б о й ы н ш а е с е п т е л е д і ;

10) егер Қазақстан Республикасының азаматы шет ел азаматымен некеде тұрса, ол отбасы құрамында болса, жұмыс істеуге немесе оқуға келсе, отбасының жиынтық табысы Қазақстан Республикасының азаматының кірісінен және Қазақстан Республикасынан алған шетел азаматының кірісінен ұлттық ақшамен, сондай-ақ шетел валютасы қайта саналып, ұлттық валютаға отбасының жиынтық табысын есептеу кездегі Ұлттық Банкпен анықталған курс бойынша есептеледі;

11) авторлық қаламақылар (шарттар болмаса) сондай-ақ рационализаторлық ұсыныстарға және өнер табыстарға, жаңалық ашуға төленген сыйақылар ай сайын отбасының жиынтық табысына қаламақы сомасын 12 айға бөлгендегі а л ы н ғ а н м ө л ш е р і к і р е д і ;

12) жабылған қарыздардың, несиелердің сомасы жиынтық табысқа енгізіледі және қарызды беру мерзіміне, қарыз берілген сәттен бастап бөлінеді (тең берілген соманы бөлшектеп қайтару және қарызды, несиені берген мерзімде);

13) жекеленген азаматтар, егер олар шартқа отырмай жұмыс істесе, олардың жиынтық табысы нақты еңбек ақысымен есептеледі. Мұндайда еңбек ақының

заттай бөлігі нарық бағасымен ақша түрінде жиынтық табысқа енгізіледі. Өтініш беруші еңбек ақысын ерікті түрде көрсетеді, бірақ заңды түрде;

14) азаматтық – құқықтық шарттар (мердігерлік) бойынша жұмыстарды атқаратын тұлғалардың табысы шарттық қолданыс мерзіміне есептеледі. Түскен табыс жұмыстың орындалу шартында көрсетілген айлардың санына бөлінеді және жиынтық табыста есептік мерзімдегі айлары ескеріледі;

15) жиынтық табыста салық басқармасында тіркеуде тұрған, өздігінен жұмыспен қамтылған тұлғалардың, салық басқармасының анықтамасымен расталған табыстары есептеледі;

16) арнайы салықтық тәртіп шарттарында кәсіпкерлік қызметтермен айналысушы тұлғалардың табыстары, бір жолғы талон, патент, ықшамдалған декларация арқылы расталады;

17) жұмыс берушінің кінәсінен, бір айдан аса, бос уақыт төлемінсіз еңбекақысын сақтамай демалыста болған тұлғалардың жиынтық табысы ерікті тапсырылған табыстан есептеледі.

Еңбек төлемі түрінде алынған табыстар, олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

33. Зейнетақы, стипендиялар, жәрдемақылар және әлеуметтік төлемдер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

2) мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

3) арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

4) жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

5) қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін шәкірт ақылар. Орташа білім алу жүйесінде, сондай-ақ жоғарғы және арнайы орташа білім алу жүйесінде күндізгі бөлімде, ақылы оқу түрінде шәкірт ақысыз оқитын студенттерге, жиынтық табысқа студенттің өз еркінен берген табысы есептеледі;

6) уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша (сонымен қатар бала күтімі бойынша) берілетін жәрдемақылар;

7) жүктілік пен босану бойынша берілетін жәрдемақылар;

8) жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың шешімі бойынша бюджеттен төленетін тұрақты төлемдер;

9) 1 топтағы мүгедектерге жеке көмекшіге әлеуметтік қызмет төлемдері;

10) алушының жазбаша өтініші бойынша жергілікті бюджеттен төленетін материалдық көмек және бір жолғы төлемдер;

11) әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

12) жұмыс берушінің қаржысынан төленетін әлеуметтік қамтамасыз ету жәрдемақысы;

13) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

14) мүгедек-баланы тәрбиелеушіге мемлекеттік жәрдемақы.

Әлеуметтік төлемдер ретінде алынған табыстар, олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

34. Балаларға және асырауындағыларға алимент түріндегі табыстар:

1) алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуіне байланысты алынған алименттердің қосымша сомасы оларды алу уақыты бойынша жиынтық табыста есептеледі;

2) ата-аналар арасында неке бұзылған жағдайда тұрғын үй көмегі әкесінің (анасының) балаларына берген алиментін төлеу жағдайында тағайындалады. Алименттерді өндіріп алу туралы бас тартса, тұрғын үй көмегі отбасына берілмейді;

3) егер төлемші жұмыс істемесе, уәкілетті органда жұмыссыз болып тіркелсе, бостандығынан айыру орнында болса, немесе уақытша ұстау изоляторында болса, емделуде немесе туберкулез есебінде тұрса, психоневрологиялық диспансерлерде, емдеу-еңбек профилакторияларында болса, Қазақстан Республикасының сәйкесінше келісімі жоқ мемлекетке тұрақты мекен етуге кетсе немесе іздеу салытуда болса, сәйкесінше органдардың растаушы құжаттары негізінде, жазбаша өтінішін қоса отбасының жиынтық табысы алименттің есебінсіз есептеледі;

4) алименттер бойынша берешектер жиналған жағдайда, жиынтық табыс алиментсіз, берешекті анықтау туралы сот атқарушысының қаулысын қоса беріп есептеледі;

5) егер ерлі-зайыптылар арасындағы неке бұзылмаған болса, бірақ ерлі-зайыптылардың бірінен алимент өндірілетін болса, олардың біреуі отбасымен бірге тұрып жатқан болса, оның барлық табыстары жиынтық табысқа есептеледі. Ерлі-зайыптылардың жеке-жеке тұрып жатқан жағдайында, алимент отбасының жиынтық табысына есептеледі;

6) қамқорлық рәсімделген балаларға алимент төленбесе, жиынтық табыс ата-аналардан алынатын алименттер туралы анықтамасыз есептеледі;

7) балаларға және асырауындағыларға алынған алименттер, алиментті санау туралы ұйымдардың анықтамасымен, немесе алынған алиментті аудару туралы

пошталық түбіртектермен, сондай-ақ алынған алименттер жайлы сот органдарының шешімі негізінде расталады.

35. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыстар:

1) жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден), саяжайлық танаптар табысынан басқа, түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады;

2) жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің, қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша есептеледі;

3) жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы ережеге 1, 2, 3 қосымшалардың негізінде есептейді;

4) жеке қосалқы шаруашылықтың табысын есептегенде, Саран қаласының табиғи жағдайы бойынша құрғақ дала зонасына жататынын ескеру қажет;

5) жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады;

6) бір сотық жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен, қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л а д ы ;

7) отбасының жиынтық табысын есептеуде, жеке қосалқы шаруашылықтың тоқсанына алынған табысы есептеледі. Отбасының жеке қосалқы шаруашылықтан тоқсанына алынған табысы, жеке қосалқы шаруашылықтың жылдық табысын төрт тоқсанға бөлу жолымен анықталады;

8) табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне Қарағанды облысында қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады;

9) малды (құсты) сату кезінде, жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады;

10) жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады;

11) өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою және тағы басқа) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында

қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қ о с ы л а д ы ;

12) жеке қосалқы шаруашылықтың жеке нормативтік шығындарды есептеу карточкасы, отбасының жиынтық табысына есептелуі үшін, өтініш берушінің ө з і м е н т о л т ы р ы л а д ы .

36. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыстар е с е п к е а л ы н а д ы :

1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден ресми расталмаған табыстар бір айлық минималдық жалақыдан кем емес көлемде есептеледі;

2) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан түскен табыс, бір жолғы алған уақыты бойынша жалпы жиынтық табысқа қосылады;

3) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған мүліктер;

4) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;

5) бағалы қағаздардан (дивидендтер);

6) шетелдік валютаны өткізуден;

7) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;

8) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);

9) ақшалай аударымдар;

10) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс;

11) басқа жылжымайтын мүлік (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған жылжымайтын мүлік (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Көрсетілген табыстар алынған уақыты бойынша есептелінеді және жазбаша өтінішпен расталады.

8. Отбасының жиынтық табысын есептегенде ескерілмейтін табыстардың түрлері

37. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мыналар есепке а л ы н б а й д ы :

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй көмегі;
- 3) бала тууға жәрдемақы;
- 4) мемлекеттің мерекелік күндерге берген материалдық және заттай көмектері;
- 5) жеке ісін ашуға материалдық көмек;
- 6) Саран қаласы мен Ақтас кентінің жекелеген азаматтарына, негізгі азық-түлік өнімдеріне бағалардың өсуіне байланысты, ай сайынғы әлеуметтік көмек;
- 7) 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы;
- 8) жерлеуге бір жолғы жәрдемақы;
- 9) отбасында бірге тұрмайтын отбасының бір мүшесіне төленетін алименттер;
- 10) ақысыз немесе жеңілдетілген протездеу уақытында азаматтардың жол төлемі;
- 11) протездеу уақытында азаматтардың сақталуы;
- 12) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге жеңілдікпен жол жүру құны;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, көрсетілетін көмектердің заттай түрлері: дәрілік препараттар, санаторийлік-курорттық емдеу, протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу), жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары, білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру;
- 14) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;
- 15) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек;
- 16) мемлекеттік бюджет есебінен мүгедектерге көрсетілетін, арнауландандырылған көлік арқылы көліктік қызмет көрсетуге материалдық (әлеуметтік) көмек;
- 17) мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорынан алынатын зейнетақылық төлемдер;
- 18) қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) әлеуметтік жол жүру құны түрінде жекелеген азаматтарға берілетін әлеуметтік көмек;
- 19) үйде тәрбиеленіп және оқытылып жатқан мүгедек-балаларды материалдық қамтамасыз ету;
- 20) бөгде адамның көмегіне мұқтаждық етуші жалғыз басты бірінші, екінші топ мүгедектерін күтуге арналған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша үстеме ақылар.

Саран қаласы мен Ақтас кенті халқына тұрғын үй

**Қуаң дала аймағындағы жеке қосалқы
шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің
нормативтік карточкасы**

Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	1 сотық жерден алынатын орташа түсімі, кг	1 сотық жерден жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 сотықтан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ.х 4-бағ.)	1 сотық жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	20	268			
Арпа	25	188			
Қарамық	5	150			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	15	91			
Бір жылдық шөптер	10	83			
Картоп	70	1164			
Көкөністер	80	1245			
Бақшалар	115	518			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	30	583			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	22	514			
Жидек дақылдары	23	819			
Жүзім	22	595			

С а р а н к е н т і к ө м е г і н N 2 қ о с ы м ш а
қ а л а с ы х а л қ ы н а к ө р с е т у
м е н т ұ р ғ ы н Е р е ж е с і н е
А қ т а с ү й

Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алатын орташа	1 басқа жұмсалған шығыстың	1 кг өнімнің, (1 л, 10 дана жұмырт	1 бастан өндірілген өнімнің орташа	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-)
------	------------------------	----------------------------	------------------------------------	------------------------------------	--------------------------------------

	өнімділік кг (л)	орташа деңгейі, теңге	қанын) орташа бағасы, теңге	бағасы теңге (2 -), теңге (5-бағ - 3-бағ. x 4-бағ.)	
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)	1900	21034			
Етті ірі қара мал (сиыр еті)	179	16435			
Шошқалар (шошқа еті)	110	9107			
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,5	3042			
Жылқы (жылқы еті)	124	7446			
Түйе (түйе еті)	126	2979			
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)	200 жұмыртқа	728			
Етті құс (құс еті)	2,5	489			

С а р а н к е н т і к ө м е г і н № 3 қосымша

қ а л а с ы х а л қ ы н а к ө р с е т у

м е н т ұ р ғ ы н

А қ т а с ү й Е р е ж е с і н е

Азық-түліктік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал тө және құстардың жасы
Ірі қара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

С а р а н к е н т і к ө м е г і н № 4 қосымша

қ а л а с ы х а л қ ы н а к ө р с е т у

м е н т ұ р ғ ы н

А қ т а с ү й Е р е ж е с і н е

Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің тұрпатты жеке нормативтік карточкасы

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты. Мекен-жайы.

--	--	--	--	--

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотық, мал басы, саны	жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Барлығы: бір жылғы табыс	x	x		x
Барлығы: бір тоқсандағы табыс	x	x	x	

20__ ж.

"__" _____

_____ (өтініш берушінің қолы)

_____ (есепті жасаған адамның тегі, аты, әкесінің аты және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК